



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУБАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЕРЕСЕК ОРЫС ТОБЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН 2021- 2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Қыркүйек айы. 2021ж Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
«Менің балабақшам»	«Танысайық»	Диалог арқылы үлкендермен және достарымен амандаса білуге, <i>сенің атың(тегің)кім? Сенің жасың нешеде?</i> деген сұрақтарға 2-3 сөзбен толық жауап беруге үйрету. Сөз ішінде-гі дыбыстарды <i>Ә,Қ,Ө</i> дұрыс айтуға үйренеді	1
	«Менің балабақшам»	Балалар өз балабақшасына қатысты ұғымды біледі,қайталайды,жатқа айтады.Балабақша туралы 2-3 сөзден тұратын сөздерден сөз тіркесі мен сөйлемдер құрауды үйренеді,мнемокестеден өлеңді жатқа оқиды. <i>Қ</i> дыбысын айтуға жаттығады	1
«Ойыншықтар»	«Менің сүйікті ойыншық тарым»	Балалар өз сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелейді, күтіп ойнауды үйренеді.Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата біледі, оларды <i>менде, сенде, бар, жоқ</i> сөздерімен байланыстыра қолдануға үйренеді. <i>Қ</i> дыбысын айтуға жаттығады	1
«Балабақша қызметкерлері»	«Балабақшада кімдер жұмыс жасайды?»	Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелей біледі, өз ойын педагогтың көмегімен айта алады. <i>Бұл кім?,Не істейді?</i> сұрағына толық жауап беруге ,сөз ішінен нақты дыбыстарды табуға,сөз ішіндегі дыбыстарды <i>Ә,Ө,Қ</i> дұрыс айтуға үйренеді	1

Қазан айы. 2021 ж		Өтпелі тақырып: «Күздің байлығы»	
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
«Алтын күз»	«Алтын күз»	Өлең жолдары арқылы, күз мезгілінің ерекшеліктерін түсінеді. Зат есім, сын есім, үстеулерді қолдана отырып, сөз тіркестерін құруға мнемокестемен 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрайды, зат есімдерді жекеше, көпше түрде атауға жаттығады, <i>кім? не? кімдер? нелер?</i> сұрағына жауап беруге үйренеді. <i>Ұ</i> дыбысын айтуға жаттығады	1
«Көкөністер»	«Көкөністер»	Өлеңді тыңдай отырып, қайталап айтуды біледі. Балалар көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді. Көкөністердің жекелеген және жалпылама атауларын меңгереді, Зат есімдерді жекеше, көпше түрде атауға жаттығады, « <i>Мынау не?</i> » « <i>Қандай?</i> », « <i>Қай?</i> » сұрағына жауап беруге үйренеді. « <i>Ө, І</i> » дыбысын айтуға жаттығады	1
«Жемістер»	«Жемістер»	Өлеңді тыңдай отырып, қайталап айтуды біледі. Жемістерді (алма, өрік, кара өрік, шие) атауларын айта алады. Балалар жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді. Жемістердің жекелеген және жалпылама атауларын меңгереді, Зат есімдерді жекеше, көпше түрде атауға жаттықтыру. « <i>Мынау не?</i> » « <i>Қандай?</i> », « <i>Қай?</i> » сұрағына жауап беруге үйренеді. « <i>І</i> » дыбысын айтуға жаттығады	1
«Киім, аяқ-киім»	« <i>Киім, аяқ-киім</i> »	Балалар жыл мезгілдеріне байланысты киім, аяқ-киім атауларын біледі, нені қайда киетіні туралы 2-3 сөзбен әңгімелейді, диалог арқылы сөйлеседі, шағын сұрақтарға жауап береді, <i>Қ, І</i> дыбыстарын айтуға жаттығады	1
Қараша айы. 2021ж		Өтпелі тақырып «Менің отбасым»	
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
«Менің сүйікті отбасым»	« <i>Менің сүйікті отбасым</i> »	Отбасы туралы түсінеді. Өзі туралы қарапайым түсініктерді, өзін және өзгелерді құрметтеу деген ұғымды біледі. <i>Әке, ана, ата, әже, апа</i> тағы басқа сөздерді атайды. <i>"Ә"</i> дыбысына жаттығады	1
	« <i>Отбасы мүшелері</i> »	Отбасы мүшелерін атайды, Бұл кім? Бұл не? сұрақтарына жауап	1

		беруге үйренеді.Әке,ана,ата,әже, ана тағы басқа сөздеді жаттайды,сөз тіркестерін құрауды үйренеді. "Ә" дыбысына жаттығады	
«Дене мүшелері»	«Адамның дене мүшелері»	Балалар қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйренеді.Көркем сөз жаттату арқылы дене мүшелерінің қадір-қасиетін түсіне білуге , «Бұл кім?»,«Бұл не?» деген сұрақтарға жауап беруге үйренеді. «Ә», «Қ» дыбысына жаттығады	1
	«Адамның дене мүшелерінің атқаратын қызмті»	Өзі туралы қарапайым түсініктерді біледі; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген ұғымды біледі.Балалар адамның дене мүшелерін атай алады. (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар). Дене мүшелерін қазақ тілінде атауға үйренеді, «Мен кімін?», «Мынау не?» деген сұрақтарға жауап беруге үйренеді.	1

Желтоқсан айы. 2021ж

Өтпелі тақырып «Гүлдене бер,Қазақстан!»

Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
«Жайнай бер, Қазақ-станым!»	«Менің ОтанымҚазақстаным»	Балалар туған жер, отан туралы түсінеді,өз отанын сүюді, құрметтеуді біледі .Отан туралы ,өзі тұратын қаласы,республикасы туралы рәміздерімен әнұран, ту, елтаңбамен танысады Ұ,Қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеді, «Бұл не?» ,«Қайда?» сұрағына жауап беруге үйренеді	1
	«Тәуелсіздік күн»	Тәуелсіздік күні туралы айтуға,еліміздің туын , елтаңбасын сипаттай отырып мнемокесте арқылы өлең шумақтарын жаттайды Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсінеді. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауды біледі. «Мынау не?» сұрағына толық жауап беруге,Ә,Қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеді.	1
«Менің қалам-Ақтөбе»	«Менің қалам»	Өлеңді зейін қойып тыңдайды, туған жер туралы өз ойын айта алады.Ақтөбе қаласы туралы әңгіме жүргізіледі, сын есімдерді қолдану арқылы, қаланы сипаттауға «Мынау не?» «Қандай?» сұрағына жауап беруге үйренеді,жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрайды. Ә,Қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеді.	1
«Жаңа жыл»	«Жаңа жыл»	Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелейді,мерекеге қатысты кейіпкерлерін атайды,жаңа сөздермен сөз тіркестерін құруды	1

		үйренеді.Бір-біріне сұрақ қоя отырып ,2-3 сөзбен жауап беруге үйренеді. <i>Қ</i> дыбысын айтуға жаттығады	
Қаңтар айы. 2022 ж Өтпелі тақырып «Қыс келді!»			
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
"Сәлем қыс!"	« <i>Ғажайып қыс</i> »	Балалар қыс мезгілі туралы түсінеді. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атай алады. Суретке әңгіме құрап, өз ойын айта білуге үйренеді.Мнемокесте арқылы қыстың көрінісін,белгілерін айтуға үйренеді,өлеңді жаттайды. <i>Қ</i> дыбыстарын анық айтуға жаттығады	1
	« <i>Қыстап қалатын құстар</i> »	Балалар қыстап қалатын құстар жайында біледі,атайды,суреттен көрсетеді.Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін түсінеді, оларға қамқорлық жасауды біледі,жыл құстары мен қыстайтын құстардың атауларын айтады, олардың пайдасы, тіршілігі туралы тірек кестелер арқылы түсінеді,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта алу дағдыларын жетілдіреді,Құстарға қамқорлық,аяушылық жасай алуды біледі <i>ҚӘУ</i> дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға үйренеді	1
	« <i>Сырғанақ</i> »	Қыс мезгілінде ойналатын ойын түрлерін атап айта алады. Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтуды біледі.қыс айларын жаттайды,қыс белгілерін ұғады.Өлеңді мәнерлеп оқып мазмұнын түсіне отырып сурет салуға көмек беріледі.Қазақ тіліне тән <i>ҚҒ</i> дыбыстарына жаттығады	1
Сандар әлемі	« <i>Санауды үйренеміз</i> »	1-5 ке дейінгі сандарды санап,рет-ретімен,кері-тура санауды үйренеді	1
Ақпан айы. 2022 ж Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»			
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
Жануарлар әлемі	Үй жануарлары	Үй жануарлары мен оның төлдерін біледі,суреттен көреді оларды атайды. Неліктен үй жануары деп аталатынын түсінеді,көпше,жекеше атайды. <i>Бұл не?Мынау нелер?</i> сұрағына толық жауап беруге үйренеді,мнемокестеден жұмбақтар шешеді, <i>ВП</i> дыбысына жаттығады	1

	Жабайы аңдар	Жабайы аңдар мен оның төлдерін біледі,суреттен көреді,оларды жекеше,көпше атауларынүйренеді, мнемокестеден сөз тіркестерін құрайды,2-3 сөзден тұратын сөйлем құрайды,қойылған сұрақтарға толық жауап беруге үйренеді. <i>Ің дыбысына жаттығады</i>	1
Құстар әлемі	Үй құстары	Үй құстары мен оның балапандарын біледі, оларды атайды, неліктен үй құстары деп аталатынын түсінеді,көпше,жекеше атайды. <i>Бұл не?Мынау нелер?сұрағына толық жауап беруге үйренеді ,мнемокестеден жұмбақтар шешеді.ҚҰ дыбысына жаттығады</i>	1
	Жабайы құстар	Құстар мен оның балапандарын біледі, оларды атайды, Неліктен дала құстары деп аталатынын түсінеді,көпше,жекеше атайды. <i>Бұл не?Мынау нелер?сұрағына толық жауап беруге үйренеді,мнемокестеденжаңылтпаштар жаттайды,ҚҮІ дыбысына жаттығады</i>	1
Наурыз айы. 2022 ж Өтпелі тақырып «Көктемгі ағымдар»			
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
«Көктем келді»	«Шуақты көктем»	Көктем айларын біледі,көктемнің ерекшелігін сипаттай алады. Жыл мезгіліне байланысты киінуді, «Не киеді?» сұрағына жауап беруге үйренеді	1
	«Аналар мерекесі»	Аналар мерекесі туралы біледі, <i>Бұл кім?Бұл не?Қайда?</i> сұрағына толық жауап береді.Қазақ тіліне тән Ә,Ө,Ұ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуды үйренеді.	1
«Наурыз мерекесі»	«Наурыз тойы»	Наурыз мерекесі туралы біледі , ұлттық ойындардың шарттарын түсінеді,ойнайды. Ұлттық тағамдармен таныса отырып, «қандай?» сұрағына жауап беріп үйренеді.Ұлттық тағамдарды атайды,қасиетін түсінеді. Бір-біріне 2-3 сөзден тұратын сұрақ қоюды, сұрақтарға жауап беруді,қазақ тіліне тән Ә,Ө,Ұ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуды үйренеді. <i>Не киеміз?Не ішеміз?, Не жейміз?</i> сұрақтарына толық жауап береді.	1
	«Ұлттық салт-дәстүр»	Ұлттық салт-дәстүрді саналарына сақтайды,бесік жырын тыңдап,	1

		айтуға,халық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын білуге үйренеді. Қазақ тіліне тән Ә,Ө,Ұ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуды үйренеді.	
Сәуір айы 2022 ж. Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»			
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
«Көліктер»	«Көліктер»	Балалар көліктер туралы біледі, атауларын дұрыс атай алады. Балалар көліктердің қасиетімен танысып, олардың атауларын атай алады. балаларды көлік түрлерімен (ауа, жерде жүретін, су көліктері) таныстыру. Сурет бойынша 2-3 сөзден сөйлем құрап сөйлеуге дағдыландыру.Сөздерді түсініп сұрақ қоюды ,қойылған сұрақтарға жауап беруді үйренеді <i>Ө</i> дыбыстарын айтуға жаттығады	1
Ұшқыштар күні	<i>«Ұшқыш болу арманым»</i>	Балалар ұшқыштар туралы біледі, атайды,бейнтаспадан көреді. Сурет бойынша мнемокестден 2-3 сөзден сөйлем құрап сөйлеуге , сөздерді түсініп сұрақ қоюды ,қойылған сұрақтарға жауап беруді үйренеді <i>ҰҚ</i> дыбыстарын айтуға жаттығады	1
«Мамандық-тың бәрі жақсы»	<i>«Мамандықты білеміз»</i>	Балалар мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсініп айта алады. Балалар мамандық иелерімен таныса отырып, әр мамандықтың өзіне тән қасиеттерін айта алады, аспазшы, дүкенші , мұғалім, тігінші, егінші, құрылысшы тб мамандар туралы әңгімелейді.Балаларды -ші(шы) жұрнақтар арқылы жаңа сөз формасын құра отырып, «Бұл кім?» сұрағына жауап беруге үйрету. <i>Қ</i> дыбыстарын айтуға жаттығады	
«Жиһаздар»	<i>Жиһаздар</i>	Жиһаздар туралы біледі, өз ойын педагогтың көмегімен айта алады. Балаларды өз үйіндегі жиһаздары мен қазақтың ұлттық жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдарын атайды.Сөз ішінен нақты дыбыстарды табуға,сөз ішіндегі дыбыстарды <i>ҚҺ</i> дұрыс айтуға үйренеді	1
Мамыр айы 2022ж. Өтпелі тақырып «Сәлем,жаз!»			
Апталық тақырып:	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны

«Достық-біздің тірегіміз»	«Менің достарым»	Балалар бір-бірімен тату болуға, мейрімді болуға үйренеді, балалар достық туралы түсіне отырып, отандастық қарым – қатынас дағдыларын үйренеді. Ұлттық мерекеге деген сый құрматке «Достық» тақырыбында мақал-мәтелдерді мнемокесте бойынша оқып, жаттайды «Сенің ұлтың кім?» деген сұраққа жауап бере отырып, ұлт сөзінің мағынасын түсінеді. Қ дыбыстарын айтуға жаттығады	1
	«Біз Отанды қорғаймыз»	Отан қорғаушылар туралы түсінеді, отанды қорғау деген ұғымды өз ойымен айтады, мнемокесте бойынша отан туралы әңгімелейді, мақал-мәтелдерді жаттайды, туған жерді, отанын сүюді, құрметтеуді біледі, достық, ынтымақ, брлік сөзінің мағынасын түсінеді. Ұлы мереке жеңіс туралы қазақша айта алуға үйренеді Қазақ тілге тән дыбыстарды меңгереді, ата бабамыздың ерлігін саналарына сақтайды. Қ дыбыстарын айтуға жаттығады	1
«Түстер»	«Әдемі түстер»	Түстерді және қосымша түстерді қазақша атауға, жекелеген заттардың түр түсін айта алуға үйренеді, жаңа сөздермен танысып, қандай? Қай? деген сұраққа жауап беруге жаттығады. Айналадағы әлемді түсі арқылы танып білу арқылы жаз мезгілінде болатын ерекшеліктер туралы түсініп айта алады. Түстер туралы қазақша диалог құрастырады, мнемокесте арқылы сөйлем құрайды, өлеңді жаттайды. Қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ, дыбыстарын айтады. Мнемотехника әдісі бойынша суреттің мазмұнын құрып, сөздерді байланыс тырып айта алады. Сөзжұмбақтар шешеді, жаңылтпаштарды жатқа оқиды	1
«Мен жасай аламын»	«Мен бәрін білемін»	Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің, жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ажырата алады. Жаз мезгілі туралы сурет арқылы әңгімелей алуға үйренеді. Қазақ тілінің Ә, Ө, Қ, Ү, Ұ, І, Ғ дыбыстарын дұрыс анық айтады. Жыл бойы алған білімдерін түрлі ойындар, диалог, әртүрлі шығармашылық тапсырмалар арқылы орындайды	1